

Жоспарыңыз
қаншалықты
ауқымды?



Haileybury Astana



"Біз кешенді білім беру тәсілін ұсынамыз, бұл сіздің балаңызға академиялық әлеуетін жүзеге асыруға, бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуына және көшбасшы болуына мүмкіндік береді."

Джон Коулз, Haileybury Astana директоры

Haileybury Astana мектебіне қош келдіңіз!



Haileybury академиялық биіктіктерге жету жолындағы қиындықтардан қорықпайтын және өз әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылатын жас таланттар үшін шексіз мүмкіндіктер әлемін ұсынады, сонымен қатар сыныптан тыс жүргізілетін әртүрлі іс-шаралар мен клубтарға белсене атсалыса отырып, мектебіміздің бақытты және мақсатты қоғамдастығын байытуға өз үлесін қосады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұлы саясат - біздің бағдарламамыздың сенімді негізі. Мұқият сұрыпталып, таңдап алынған ең үздік тәжірибелерден жинақталған ерекше атмосфера бізге шынымен де білімді де білікті түлектерді, болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз - балаларды бәсекеге қабілетті әлемдік еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті өмірлік дағдылармен және біліммен қаруландыру.

Біз Haileybury Astana мектебінің Haileybury Ұлыбритания (UK) және Haileybury Almaty мектептерімен тығыз қарым-қатынасын, сондай-ақ барлық үш мектепті біріктіретін дәстүрлер мен құндылықтарды мақтан тұтамыз. Біз Қазақстан астанасы қоғамдастығының игілігі үшін жұмыс істеуге қуаныштымыз! Жасай бер, Haileybury!

Джон Коулз
Haileybury Astana директоры



YouTube арнасында
"A Haileybury Education:
The best Investment you
will ever make" видеосын
қараңыз



Мектепалды даярлық тобындағы білім беру

Балабақша немесе мектепке дейінгі білім берудің алғашқы кезеңі (2 жастан 4 жасқа дейін) өте маңызды, өйткені ол сіздің балаңыздың білім алу жолындағы ең алғашқы саяхатын ең қуатты бастамамен қамтамасыз етуі әбден мүмкін. Осы кезеңде Haileybury Astana мектебі әрбір тәрбиеленушінің жеке қажеттіліктері мен даму мүдделеріне ерекше назар аударады.

Дарынды қызметкерлер, мұғалімдер мен оқушылар санының оңтайлы арақатынасы, сонымен қатар керемет білім беру ортасы балаларға санаулы күн ішінде-ақ мектеп өміріне бейімделуге мүмкіндік беретін себептердің бір бөлігі ғана болып табылады.



Ағылшын тілінде сөйлейтін ортаға толық ену балаларға тілді зерттеуде де, жеке және әлеуметтік дамуда да маңызды жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.



Балаңыздың Haileybury Astana мектебіне саяхаты неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым өзі үшін жақсы болмақ.



YouTube арнасында "Kindergarten Admissions Q&A" видеосын қараңыз

"Мектеп ішін аралап
жүріп, мен бақытты,
елгезек әрі көңілді
балалардың жүгіріп
жүргендерін көремін
және олардың
қаншалықты керемет
ересек болып
ержететіндерін
түсінемін.
Бәріміздің
балаларымызға
тек жақсы нәрсені
тілейтінімізге келісесіз
ғой деп ойлаймын."

Haileybury Astana мектебінің бастауыш сынып
оқушысының ата-анасы





Көптеген үйірмелер, клубтар және басқа да сыныптан тыс жүргізілетін қосымша іс-шаралар балаларға өз мүдделері үшін жетістікке жетіп қана қоймай, бұрын-соңды айналысып көрмеген жаңа қызықты іспен еш қорықпастан шұғылдануға итермелейді. Біз өз оқушыларымызға жан-жақты қолдау көрсете отырып, олардың бар күш-жігерін салып жасаған жұмыстарының нәтижесін көруі үшін, сонымен қатар мүмкіндігінше ертерек жетістікке жетуге септігін тигізетін қауіпсіз әрі жайлы ортамен қамтамасыз етеміз.

Бастауыш мектеп

Біз әрбір бастауыш сынып оқушысының бойында құрмет пен даңққа лайық бірегей талант бар деп сенеміз. Мектеп оқу бағдарламасының қарқындылығы мен тартымдылығы оқушыларға өзіне сенімді, тәуелсіз тұлға болуға, сондай-ақ жаңа білімге деген сүйіспеншілікке ие болуға және оны өмір бойы сақтауға көмектеседі.



YouTube арнасында "Junior School pupils about their first impressions at Haileybury Astana" видеосын қараңыз



"Оқушылардың жетістіктері мен оқу үлгерімді өте жоғары деңгейде."

Мектеп инспекциясы

"Haileybury Astana
- бұл ерекше
орын. Біз сізге
мектебіміздегі
балалардың дамуы
мен өсуі үшін
осындай керемет
атмосфераға
қалай қол жеткізе
алғанымызды
қуана-қуана
көрсетеміз."

Haileybury Astana мектебінің мұғалімі



YouTube арнасында "Junior
School at Haileybury Astana"
видеосын қараңыз



"Haileybury Astanaда сенімдірек
балалар табысты оқушылар
болады деп сенеміз."

Haileybury Astana мектебінің қауіпсіздік жөніндегі жетекші маманы



"Мұнда, Haileybury Astana
мектебінде біз тек сапалы білім
беру үдерісін қалыптастырып
қана қоймай, балалардың әл-
ауқатын жақсарту жағынан
да керемет нәтижелерге қол
жеткіздік."

Haileybury Astana мектебінің қауіпсіздік бойынша
жетекші маманы

Қауіпсіз орта

Орта мектеп

Балалардың әл-ауқатына қамқорлық жасау – біздің ұстанымымыздың ең басты құраушы бөлігі. Бұл бізге әр бала өзіне қажетті көмек пен қолдау таба алатын мейірім мен жылылыққа толы атмосфераны құруға мүмкіндік береді.



7-9 сыныптарда оқушылар Халықаралық Британдық бағдарламасы бойынша оқиды. Жетінші сыныптан бастап тоғызыншы сынып аралығында (11-13 жас) біз оқушыларды кең және тендестірілген білім беру бағдарламасымен оқыта бастаймыз. Оқудың оныншы және он бірінші жылдарында (13-16 жас) балалар IGCSE (орта білім алу туралы халықаралық сертификат) емтихандарына дайындала бастайды. Бұл оқушыларға келесі кезеңге – 16-18 жастан басталатын IB (Халықаралық Бакалавриат) бағдарламасына дайындалуға көмектесетін маңызды Британдық емтихандар болып табылады.



YouTube арнасында "IGCSE results: Haileybury Astana 2021" видеосын қараңыз



"Мектеп қызметкерлері оқушыларды жақсы біледі және олардың әл-ауқатының көптеген аспектілері бойынша бақылау жүргізеді."

Haileybury Astana мектебінің қауіпсіздік жөніндегі жетекші маманы



"Haileybury Astana
мектебінде өткізген ең
алғашқы күнімде маған
мектеп қабырғасында
білім алып жүрген
әрбір оқушының өзіне
көрсетілетін қолдауды
сезінетіндігі ерекше
ұнады."

Haileybury Astana мектебінің оқушысы




YouTube арнасында "What pupils say about International Baccalaureate (IBDP) at Haileybury Astana" видеосын қараңыз

Алтыншы бөлім Халықаралық бакалавриат дипломдық бағдарламасы (IBDP)



Халықаралық Бакалавриат Дипломдық Бағдарламасы - 16 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларға арналған халықаралық деңгейде танылған білім беру бағдарламасы.



Халықаралық бакалавриат диплом бағдарламасы:

- Жан-жақты әрі терең білімге ие болуды қалайтын;
- Физикалық, интеллектуалды, эмоционалды және этикалық тұрғыдан дамып, жетілуге дайын;
- Кем дегенде екі тілді үйреніп шығатын;
- Дәстүрлі академиялық пәндердің жақсы меңгеріп, үздік болатын;
- Білім теориясы бағдарламасының бірегей курсы арқылы білімнің табиғатын зерттеуге әзір оқушыларды дайындап шығарады.



Мақсаты – біздің британдық халықаралық мектеп құндылықтарының негізінде "жан-жақты дамыған баланы" тәрбиелеу жатыр. Сыныптан тыс үйірмелер көптеген спорт секцияларынан, қызығушылықтарға байланысты әрекет ететін клубтардан, сонымен қатар оқушыларға өздерін жаңа нәрседе сынап көруге арналған басқа мүмкіндіктер тұрады.

Сыныптан тыс үйірмелер және бастамалар (ССА) – Nailebury өмірінің маңызды бөлігі.



Спорт



Спорт Nailebury мектебі оқушыларының өмірінде басты орын алады; ол командалық жұмыс пен көшбасшылық, сондай-ақ физикалық, техникалық және психикалық жүктемелер арқылы сенімділік пен төзімділікті арттырады.



Nailebury Astana мектебінде біз дайындық деңгейі әртүрлі және барлық жастағы оқушыларға арналған спорттық үйірмелердің кең спектрін ұсынамыз. Біздің спорт кешеніміз – 25 метрлік жабық бассейні, командалық спорт залы, би студиясы және театр өнері студиясы, сонымен қатар кең әрі заманауи жабдықталған спортзалды қоса алғанда, мектеп оқушыларының белсенді және үйлесімді дамуы үшін қажет нәрсенің бәрі бар тамаша орын.

"Менің балам
бойындағы футбол,
бейсбол, волейбол
және басқа да
спорт түрлеріне
арналған барлық
негізгі дағдыларын
дамыта алды.
Баланың мұның
бәрін көңілді,
жағымды және
ойын форматында
үйренуі өте
маңызды."

Haileybury Astana мектебі оқушысының ата-анасы




Maker Space және робототехника зертханасы

Біздің Maker Space және робототехника зертханасы оқушыларды болашақ заманға лайық мамандықтардағы тамаша мансапқа қол жеткізуге дайындайды. Maker Space және робототехника зертхана жобасын іске асырудың бірінші кезеңі 2021 жылдың тамызында аяқталды. Біз елеулі нәтижелерге жету үшін оқу бағдарламамыздың жетістіктерін зертханалар бағдарламасымен біріктірдік.

"Біздің мақсатымыз Haileybury оқушыларының қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи, тұрақты, технологиялық жақтан дамыған, сұранысқа негізделген, динамикалық Maker Space зертханасын және робототехниканы құру болып табылады."

Haileybury Astana мұғалімі



Maker Space Haileybury оқушыларына STEAM оқыту жүйесіне және инженерлік дизайнның ең соңғы үздік тәжірибелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.



Актерлік шеберлік және музыка

Haileybury Astana мектебінде әрбір оқушы өзі қызығушылық танытып, айналысқысы келетін ерекше істі таба алады: аспаптық оркестрлер мен музыкалық топтардан бастап, театр компаниялары мен мектеп қойылымдары және т.б. Өнердің орындаушылық түрімен айналысуға арналған инфрақұрылымымыз шынымен де әсерлі – жаңа театр, кең жаттығу залдары дыбыс жазу студиясы, концерт залы және үш оқу аймағы оқушыларға өз әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Мектепке сырттан шақырту арқылы келетін мұғалімдердің музыкалық бағдарламалары бастауыш және жоғары сынып оқушылары арасында үнемі сұранысқа ие.



Театральное представление



Эдинбург герцогінің халықаралық марапаты


Кедергісіз сыйлық

Біз мектеп қабырғасында
Эдинбург герцогі марапаты
бағдарламасын жүзеге асыруды
мақтан тұтамыз. Бұл 14 жастан
25 жасқа дейінгі жастар үшін
арнайы әзірленген жеке даму
бағдарламасы, оған әр оқушы
қатыса алады. Бағдарлама өзіңіздің
қаншалықты төзімді, сабырлы
және мінезіңіздің беріктігін
тексере отырып, одан әрі шыңдай
түсуге мүмкіндік береді.



Ассы-Түрген обсерваториясы,
Алматы облысы, Қазақстан





2022 жылы Халықаралық бакалавриат (IB) бағдарламасы бойынша біздің оқушыларымыздың орташа нәтижесі 36,1 ұпайды құрады. Әлем бойынша орташа нәтиже көрсеткіші – 31,98 ұпай.

Халықаралық бакалавриат диплом бағдарламасының (IB) нәтижелері: Біздің түлектер қандай жоғары оқу орындарында оқиды?



Оқушыларды қабылдау процесі

Оқушыларымыз үшін Haileybury Astana мектебінің неліктен ерекше орын болып табылатынын өз көзіңізбен көре алуыңыз үшін біз сізді мектебімізге қонаққа шақырамыз.



Өтініш формасын толтырыңыз

72

Ұлыбританиядан білім алып келген 72 мұғалім

621

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың жалпы саны - 621

42

Мектепте 42 ұлт өкілі білім алады



YouTube арнасында "Kindergarten Admissions Q&A" видеосын қараңыз



1

Сайттағы сұрау формасын толтырыңыз



2

Біз сізді мектеп тұрына және кеңес алуға тіркейміз



3

Өтінімді толтырыңыз және 37000 теңге мөлшерінде тіркеу ақысын



4

Сіздің балаңыз түсу емтиханын тапсыруға шақырылады



5

Ағымдағы мектептен балаңыздың оқу үлгерімі туралы есебін өткізіңіз



6

Емтиханнан сәтті өткен үміткерлерге мектеп ұсынатын орын міндетті түрде кепілдік жарнамен қамтамасыз етілуі қажет

"Менің ұлым мен қызымның дамуына көрсеткен қолдауыңызға, ерен еңбегіңіз үшін рақмет. Сіздің шыдамдылығыңыз бен төзімділігіңіз, сонымен қатар балаларыма үнемі көмек көрсетуге деген ниетіңіз біздің отбасымыз үшін өте маңызды."

Haileybury Astana мектебі оқушысының ата-анасы



YouTube арнасында "Junior Schools Admissions Q&A" видеосын қараңыз



Мектеппен байланысу

Мектебіміз туралы берілген ақпараттар сіздің көңіліңізден шықты деп үміттенеміз.

Мектеп турын ұйымдастыру үшін біздің Оқушыларды қабылдау департаментіне хабарласуыңызды сұраймыз: admissions@haileyburyastana.kz е-майліне хат жазуыңызға немесе [+7 \(777\) 522 45 15](tel:+77775224515) телефон нөміріне қоңырау шалуыңызға болады.

Алдағы уақытта өтетін Ашық күндер туралы ақпаратты www.haileybury.kz веб-сайтынан табуға болады.

Біз сіздерді Haileybury Astana мектебінде асыға күтеміз!



Болашақ көшбасшыларды тәрбиелеу

Haileybury балалар мен жастардың өзсезінімін өзсезінқорғауға және жақсартуға ұмтылады және барлық қызметкерлер мен мектеппен байланысты адамдар осы міндеттемеге ортақ болады деп күтеді.

 hbastana

 haileyburyastana

 haileybury-astana

 HaileyburyAstanaOfficial

 HaileyburyAstana

 Haileybury Astana



Образование в Haileybury:
Самый ценный подарок, который вы
когда-либо можете сделать своим детям.